

## Павлодар облысы Ертіс ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 87/9 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қаңтарда N 2856 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 3) тармақшасына, Ертіс ауданы мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 18 тамыздағы (III сайланған VIII сессиясы) N 39-8-3/18 бірлескен шешіміне, облыс әкімдігінің 2004 жылғы 29 қарашадағы "Ертіс ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 289/9 қаулысына сәйкес облыстық Мәслихат пен

облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

Павлодар облысы Ертіс ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Панфилов ауылдық округінің Аққұдық ауылы, Луговской ауылдық округінің N 1 фермасы, Майқоңыр ауылдық округінің N 1 бөлімшесі, Токта ауылдық округінің Қызыл-Сарай ауылы, Амангелді ауылдық округінің Ақсу және Шолақсай ауылдары, Қарақұдық ауылдық округінің N1 фермасы, Қоскөл ауылдық округінің Жарсор ауылы елді мекен мәртебесінің айырылуына байланысты таратылсын және кейіннен есептік деректерінен шығарылсын.

Панфилов ауылдық округі Аққұдық ауылының аумағы Панфилов ауылдық округі Панфилов ауылының құрамына, Луговской ауылдық округі N 1 фермасының аумағы Луговской ауылдық округі Луговое ауылының құрамына, Майқоңыр ауылдық округі N 1 бөлімшесінің аумағы Майқоңыр ауылдық округі Майқоңыр ауылының құрамына, Токта ауылдық округі Қызыл-Сарай ауылының аумағы Токта ауылдық округі Токта ауылының құрамына, Амангелді ауылдық округі Ақсу және Шолақсай ауылдарының аумағы Амангелді ауылдық округі Амангелді ауылының құрамына, Қарақұдық ауылдық округі N 1 фермасының аумағы Қарақұдық ауылдық округі Қарақұдық ауылының құрамына, Қоскөл ауылдық округі Жарсор ауылының аумағы Қоскөл ауылдық округі Қоскөл ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы А. Гуськов*

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*

*Облыстық Мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК